

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Терапия және кардиология» кафедрасы		33 беттің 1 беті
Силлабус		

СИЛЛАБУС

«Жүктілік және ревматикалық аурулар» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы 7R01102 «Ревматология ересектер, балалар» Білім беру бағдарламасы

1.	Пән туралы жалпы мағлұмат		
1.1	Пәннің коды: R-ZhRA	1.6	Оқу жылы: 2025-2026
1.2	Пәннің атауы: Жүктілік және ревматикалық аурулар	1.7	Курс: 2
1.3	Пререквизиттер: Стационардағы ревматология, ересектердің	1.8	Семестр:-
1.4	Постреквизиты: Ревматологиялық аурулар кезінде биологиялық препараттарды қолдану	1.9	Кредиттер саны (ECTS): 2/60
1.5	Цикл: БНП	1.10	Компонент: ТК
2.	Пәннің сипаттамасы		
Пренатальды және босанғаннан кейінгі кезеңде ревматикалық аурулары бар әйелдерді басқару, жүкті әйелдерде ревматикалық патологияның ерекшеліктерін анықтау, жүктілік кезінде басқару, терапия және емдеу тактикасын таңдау, аурудың күтілетін болжамы және ықтимал асқынулар, жүктілік кезінде және босанғаннан кейінгі кезеңде ревматикалық аурудың дамуы бойынша білім мен дағдыларды қалыптастырады. денсаулық сақтаудағы цифрлық құралдарды пайдалана отырып, жасанды интеллект; зерттеу тобындағы жұмыс; медициналық құжаттаманы және медициналық-статистикалық ақпаратты басқаруда.			
3.	Жиынтық бағалау нысаны *		
3.1	Тестілеу √	3.3	ОСКЭ немесе науқастың төсегінде Тәжірибелік дағдыларды қабылдау
3.2	Ауызша	3.4	Басқа (көрсету)
4.	Пәннің мақсаты		
Ревматологиядағы функционалдық диагностика әдістерінің өзекті мәселелері бойынша теоретикалық білімді тереңдетіп меңгеру және практикалық икем-дағдыларды игеру арқылы ревматолог-дәрігердің кәсіби құзыреттерін жетілдіруді қамтамасыз ету.			
5.	Оқытудың соңғы нәтижесі (ОН)		
ОН1	Дәлелді медициналық практикаға және профилактикалық іс-шараларға сүйене отырып, ревматологиялық көмектің барлық деңгейлерінде диагностикалау, дифференциалды диагностикалау, емдеу, оның тиімділігін бағалау дағдыларын меңгерген.		
ОН 2	Аурудың болжамын және оның асқынуларын анықтап, пациенттің қауіпсіздігі мен медициналық көмектің сапасын қамтамасыз ету үшін ең тиімді әдістерді қолданады.		
ОН 3	Ревматологиялық патологиясы бар пациентпен, оның жақын ортамен және әріптестерімен өзара тиімді қарым-қатынас жасай отырып, пациент үшін барынша тиімді нәтижелерге қол жеткізеді.		
ОН 4	Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесінің құқықтық және ұйымдастырушылық өрісінде «Ересектер және балалар ревматологиясы» мамандығы бойынша әрекет етеді; көпсалалы командалар құрамында жұмыс істейді, пациентпен, оның айналасымен, денсаулық сақтау саласының мамандарымен өзара әрекеттесе отырып, ревматологиялық аурулары бар пациенттерге қатысты медициналық сараптамаларды жүргізеді.		
ОН 5	Зерттеушілік қызметке кәсіби әдебиетті бағалау, халықаралық дерекқорларды пайдалану, зерттеу сұрақтарын құрастыру және олар бойынша жауаптар табу арқылы қатысады; кәсіби әдебиетті сыни тұрғыдан бағалайды, халықаралық базаларды күнделікті тәжірибеде тиімді қолданады, жасанды интеллектті пайдалана отырып, медициналық құжаттаманы және медико-статистикалық ақпаратты басқаруға қатысады.		

ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Терапия және кардиология» кафедрасы		33 беттің 2 беті
Силлабус		

ОН 6	Өзін-өзі оқыту және өзгелерді оқыту, конференцияларға және кәсіби пікірталастарға қатысу арқылы ревматология саласында үздіксіз кәсіби дамуды жүзеге асырады.					
5.1	Пәннің ОН	Оқытудың соңғы нәтижесі (ОН)				
	ОН5,ОН1, ОН3	ОН2 Аурудың нәтижесін және оның асқынуын болжайды; медициналық ревматологиялық көмектің қауіпсіздігі мен сапасының жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін неғұрлым тиімді әдістерді пайдаланады.				
	ОН6, ОН4, ОН2	ОН5 Кәсіби әдебиеттерді бағалау, халықаралық дерекқорларды пайдалану арқылы зерттеу жұмыстарын жүргізуге қатысады, кәсіби әдебиеттерді сыни тұрғыдан бағалайды, өзінің күнделікті қызметінде Халықаралық дерекқорларды тиімді пайдаланады, жасанды интеллектті пайдаланумен медициналық құжаттаманы, медициналық-статистикалық ақпаратты басқаруға қатысады.				
6.	Пән туралы толық мәлімет					
6.1	Өткізілетін орны (клиникалық база, мекенжай, клиникалық базаның бөлімі): №2 қалалық аурухана, Жандосов көшесі, 92а,					
	Қалалық клиникалық аурухана №1, ул. Д.Курманалиева 35					
	Облыстық клиникалық аурухана ул.Майлы Кожа 4					
	тел 40-82-22 (внутр.- 1100), электронды адрес: www.ukma.kz .					
6.2	Резиденттердің аудиторлық жұмыс сағаттарының саны	Тәжірибелік сабақ сағат:	Резиденттердің өзіндік жұмысының сағат саны			
			ТРӨЖ	РӨЖ		
	60	12	39	9		
7.	Оқытушылар тулары ақпарат					
№	Аты- жөні	Дәрежесі және лауазымы		Электронды почтасы		
1	Серикбаева Мира Турдалиевна	Ассистент, денсаулық сақтау магистрі		semira70@ mail.ru		
2	Асанова Галия Куттымбетовна	м.ғ.к., доцент		agk-26@mail.ru		
3	Ботабекова Алия Кадыржановна	ассистент, жоғары санатты ревматолог дәрігер		botabekova60@mail.ru		
4.	Баймухамедов Чокан Тулекулович	м.ғ.д., профессор		baymuhamedov-99@mail.ru		
8.	Тақырып жоспары					
Апт а/кү ні	Тақырыбы	Қысқаша мазмұны	Пәнн і ОН	Са-ғат сан ы	Оқытудың түрлері/әдістері/ оқыту техноло-гиялары	Бақылаудың түрлері /әдістері
1	Тәжірибелік сабақ Жүктілік кезіндегі ревматикалық аурулары	Буын патологиясы бар жүкті әйелдерді жүргізу және емдеу.	ОН1 ОН2 ОН3	2	Науқастарды қарау, медициналық құжаттамамен жұмыс. медициналық құжаттамамен жұмыс. Сабақ	Кері байланыс, ауызша сұрау. Клиникалық жағдайды

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»		33 беттің 3 беті
«Терапия және кардиология» кафедрасы		
Силлабус		

	бар науқастарды жүргізу ерекшеліктері				тақырыбын талқылау. Клиникалық жағдайларды талдау. Тәжірибелік дағдыларды меңгеру.	талдауды бағалау. Тәжірибелік дағдыларды бағалау.
	ТРӨЖ /РӨЖ Жүйелі қызыл жегі (ЖҚЖ) және жүктілік	Диагностика (клиникалық, зертханалық, аспаптық), дифференциалды диагностика.	ОН4 ОН5 ОН6	6,5/ 1,5	Жұмыс жоспарын құрастыру. Әдебиеттермен және RBL электрондық базасымен жұмыс. Пән нозологиялары бойынша ҚР клиникалық хаттамаларымен жұмыс.	Ғылыми мақалаларды талдау, «360 бағалау»
2	Тәжірибелік сабақ Антифосфолипидтік синдром және жүктілік	Буын патологиясы бар жүкті әйелдерді жүргізу және емдеу.	ОН1 ОН2 ОН3	2	Науқастарды қарау, медициналық құжаттамамен жұмыс. медициналық құжаттамамен жұмыс. Сабақ тақырыбын талқылау. Клиникалық жағдайларды талдау. Тәжірибелік дағдыларды меңгеру.	Кері байланыс, ауызша сұрау. Клиникалық жағдайды талдауды бағалау. Тәжірибелік дағдыларды бағалау.
	ТРӨЖ /РӨЖ Созылмалы ревматикалық жүрек аурулары (ХРБС) және жедел ревматикалық қызба (ЖРҚ) кезінде жүкті әйелдерді жүргізу ерекшеліктері.	Диагностика (клиникалық, зертханалық, аспаптық), дифференциалды диагностика.	ОН4 ОН5 ОН6	6,5/ 1,5	Жұмыс жоспарын құрастыру. Әдебиеттермен және RBL электрондық базасымен жұмыс. Пән нозологиялары бойынша ҚР клиникалық хаттамаларымен жұмыс.	Ғылыми мақалаларды талдау, «360 бағалау»
3	Тәжірибелік сабақ Жүктілік кезіндегі жүйелі дәнекер тінінің аурулары бар науқастарды жүргізу ерекшеліктері	Жүктілік кезіндегі жүйелі дәнекер тінінің аурулары бар науқастарды жүргізу ерекшеліктері	ОН1 ОН2 ОН3	2	Науқастарды қарау, медициналық құжаттамамен жұмыс. медициналық құжаттамамен жұмыс. Сабақ тақырыбын талқылау. Клиникалық жағдайларды талдау. Тәжірибелік дағдыларды меңгеру.	Кері байланыс, ауызша сұрау. Клиникалық жағдайды талдауды бағалау. Тәжірибелік дағдыларды бағалау.

	ТРӨЖ /РӨЖ Жүкті әйелдердегі ревматизм ағымының ерекшеліктері. Аралық бақылау №1	Жүкті әйелдердегі ревматизм ағымының ерекшеліктері.	ОН4 ОН5 ОН6	6,5/ 1,5	Жұмыс жоспарын құрастыру. Әдебиеттермен және RBL электрондық базасымен жұмыс. Пән нозологиялары бойынша ҚР клиникалық хаттамаларымен жұмыс.	Ғылыми мақалаларды талдау, «360 бағалау» Тестілеу, ауызша сұрау, портфолио қалыптастыру (PF)
4	Тәжірибелік сабақ Ревматикалық аурулары бар жүкті әйелдерді емдеудің медикаментозсыз әдістері	Негізгі әдістер.	ОН1 ОН2 ОН3	2	Науқастарды қарау, медициналық құжаттамамен жұмыс. медициналық құжаттамамен жұмыс. Сабақ тақырыбын талқылау. Клиникалық жағдайларды талдау. Тәжірибелік дағдыларды меңгеру.	Кері байланыс, ауызша сұрау. Клиникалық жағдайды талдауды бағалау. Тәжірибелік дағдыларды бағалау.
	ТРӨЖ /РӨЖ Ревматикалық ауруларды диагностикалаудың басқа аспаптық әдістері.	Жүктілік кезіндегі ревматикалық ауруларды емдеу қағидаттары. Этаптық емдеу принциптері. Ревматоидты артриттің патогенетикалық медикаментозды терапиясы: қабынуға қарсы және базистік (ауру ағымын өзгертетін) препараттар.	ОН4 ОН5 ОН6	6,5/ 1,5	Жұмыс жоспарын құрастыру. Әдебиеттермен және RBL электрондық базасымен жұмыс. Пән нозологиялары бойынша ҚР клиникалық хаттамаларымен жұмыс.	Ғылыми мақалаларды талдау, «360 бағалау»
5	Тәжірибелік сабақ Жүктілік кезінде ревматикалық ауруларды емдеу мүмкіндіктері	Жүкті ревматологиялық науқастарда гендік-инженерлік биологиялық препараттарды қолданудың жаңа бағыттары.	ОН1 ОН2 ОН3	2	Науқастарды қарау, медициналық құжаттамамен жұмыс. медициналық құжаттамамен жұмыс. Сабақ тақырыбын талқылау. Клиникалық жағдайларды талдау. Тәжірибелік дағдыларды меңгеру.	Кері байланыс, ауызша сұрау. Клиникалық жағдайды талдауды бағалау. Тәжірибелік дағдыларды бағалау.
	ТРӨЖ /РӨЖ	Гендік-инженерлік биологиялық препараттар.	ОН4 ОН5	6,5/ 1,5	Жұмыс жоспарын құрастыру. Әдебиеттермен және RBL	Ғылыми мақалаларды

	Жаңа топ препараттарын қолдану (гендік-инженерлік биологиялық препараттар).		ОН6		электрондық базасымен жұмыс. Пән нозологиялары бойынша ҚР клиникалық хаттамаларымен жұмыс.	талдау, «360 бағалау»
6	Тәжірибелік сабақ Жүкті әйелдерде қарсыревматикалық терапияның клиникалық фармакологиясының міндеттері	Ревматикалық ауруы бар немесе ревматикалық ауруға күмәнданылатын пациенттерге медициналық көмек көрсету бойынша қолданыстағы клиникалық ұсынымдар (емдеу протоколдары) негізінде емдеу жоспарын әзірлеу.	ОН1 ОН2 ОН3	2	Науқастарды қарау, медициналық құжаттамамен жұмыс. медициналық құжаттамамен жұмыс. Сабақ тақырыбын талқылау. Клиникалық жағдайларды талдау. Тәжірибелік дағдыларды меңгеру.	Кері байланыс, ауызша сұрау. Клиникалық жағдайды талдауды бағалау. Тәжірибелік дағдыларды бағалау.
	ТРӨЖ /РӨЖ Ревматикалық аурулары бар жүкті әйелдерді медикаментозсыз емдеу әдістері. Аралық бақылау №2	Физиотерапиялық әдістерді, емдік дене шынықтыруды және басқа да медикаментозсыз ем түрлерін ревматикалық ауруы бар немесе ревматикалық ауруға күмәнданатын пациенттерге клиникалық көріністеріне сәйкес және медициналық көмек көрсету тәртіптері мен клиникалық ұсынымдарға (емдеу протоколдарына), сондай-ақ медициналық көмек стандарттарына сәйкес тағайындау.	ОН4 ОН5 ОН6	6,5/ 1,5	Жұмыс жоспарын құрастыру. Әдебиеттермен және RBL электрондық базасымен жұмыс. Пән нозологиялары бойынша ҚР клиникалық хаттамаларымен жұмыс.	Ғылыми мақалаларды талдау, «360 бағалау» Тестілеу, ауызша сұрау, портфолио қалыптастыру (PF)
Аралық аттестаттауды дайындау және өткізу (пәнге берілген жалпы сағаттың 10%) – 6 сағат						
9.	Оқыту және бағалау әдістері					
9.1	Дәрістер	-				
9.2	Тәжірибелік сабақтар	Науқастарды қарау, медициналық құжаттамамен жұмыс. Сабақ тақырыбын талқылау. Клиникалық жағдайларды талдау. Тәжірибелік дағдыларды меңгеру. Кері байланыс, ауызша сұрау. Клиникалық жағдайды талдауды бағалау. Тәжірибелік дағдыларды бағалау.				
9.3	ТРӨЖ/ РӨЖ	Жұмыс жоспарын құрастыру. Әдебиеттермен және RBL электрондық базасымен жұмыс. Пән нозологиялары бойынша ҚР клиникалық хаттамаларымен жұмыс. Ғылыми мақалаларды талдау, «360 бағалау»				
9.4	Аралық бақылау	Тестілеу, ауызша сұрау, портфолио қалыптастыру (PF)				
10	Бағалау критерийлері:					
10.1	Пәнінің нәтижелерін бағалау критерийлері:					

№ ОН	Оқу нәтижелері	Қанағаттанарлықсыз	Қанағатанарлық	Жақсы	Өте жақсы
ОН 1	Дәлелді медициналық практикаға және профилактикалық іс-шараларға сүйене отырып, ревматологиялық көмектің барлық деңгейлерінде диагностикалау, дифференциалды диагностикалау, емдеу, оның тиімділігін бағалау дағдыларын меңгерген.	клиникалық диагнозды тұжырымдай алмайды, емдеу жоспарын тағайындай алмайды және жоғары мамандандырылған ревматологиялық көмек көрсетудегі дәлелді тәжірибе негізінде оның тиімділігін бағалай алмайды.	клиникалық диагнозды тұжырымдауға қиналады, емдеу жоспарын тағайындай қиындықтар тудырады және жоғары мамандандырылған ревматологиялық көмек көрсетудегі дәлелді тәжірибе негізінде оның тиімділігін бағалауда қиналады.	клиникалық диагнозды тұжырымдай алады, емдеу жоспарын тағайындай алады және жоғары мамандандырылған ревматологиялық көмек көрсетудегі дәлелді тәжірибе негізінде оның тиімділігін бағалай алады.	Өз бетінше клиникалық диагнозды тұжырымдай біледі, емдеу жоспарын тағайындайды және жоғары мамандандырылған ревматологиялық көмек көрсетудегі дәлелді тәжірибе негізінде оның тиімділігін бағалай алады.
ОН 2	Арудың болжамын және оның асқынуларын анықтап, пациенттің қауіпсіздігі мен медициналық көмектің сапасын қамтамасыз ету үшін ең тиімді әдістерді қолданады.	науқас үшін ең жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін ревматологиялық науқаспен, олардың қоршаған ортасымен, денсаулық сақтау мамандарымен тиімді әрекеттесуге қабілетті емес.	науқас үшін ең жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін ревматологиялық науқаспен, олардың қоршаған ортасымен, денсаулық сақтау мамандарымен тиімді әрекеттесуде қиналады.	науқас үшін ең жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін ревматологиялық науқаспен, олардың қоршаған ортасымен, денсаулық сақтау мамандарымен тиімді әрекеттесе алады	Өздігінен науқас үшін ең жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін ревматологиялық науқаспен, олардың қоршаған ортасымен, денсаулық сақтау мамандарымен тиімді әрекеттесе алады.
ОН 3	Ревматологиялық патологиясы бар пациентпен, оның жақын ортамен және әріптестерімен өзара тиімді қарым-қатынас жасай отырып, пациент үшін барынша тиімді нәтижелерге қол жеткізеді.	тәуекелдерді бағалай алмайды және жоғары мамандандырылған ревматологиялық көмекте қауіпсіздік пен сапаның жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін ең тиімді әдістерді қолдана алмайды	тәуекелдерді бағалай алуда және жоғары мамандандырылған ревматологиялық көмекте қауіпсіздік пен сапаның жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін ең тиімді әдістерді қолдануда қиналады	тәуекелдерді бағалай алады және жоғары мамандандырылған ревматологиялық көмекте қауіпсіздік пен сапаның жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін ең тиімді әдістерді қолдана алады	Өз бетінше тәуекелдерді бағалай алады және жоғары мамандандырылған ревматологиялық көмекте қауіпсіздік пен сапаның жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін ең тиімді әдістерді қолдана алады
ОН 4	Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесінің құқықтық және	өз мамандығы бойынша Қазақстан Республикасының	өз мамандығы бойынша Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесінің	өз мамандығы бойынша Қазақстан Республикасының	Өз бетінше мамандығы бойынша Қазақстан Республикасының денсаулық

	ұйымдастырушылық өрісінде «Ересектер және балалар ревматологиясы» мамандығы бойынша әрекет етеді; көпсалалы командалар құрамында жұмыс істейді, пациентпен, оның айналасымен, денсаулық сақтау саласының мамандарымен өзара әрекеттесе отырып, ревматологиялық аурулары бар пациенттерге қатысты медициналық сараптамаларды жүргізеді.	денсаулық сақтау жүйесінің құқықтық және ұйымдастырушылық шеңберінде әрекет ете алмайды, төтенше жағдайларда негізгі ревматологиялық көмекті көрсете алмайды, денсаулық сақтау саласын нығайту саясатын жүзеге асыру үшін кәсіпаралық ұжымдар құрамында жұмыс істей алмайды.	құқықтық және ұйымдастырушылық шеңберінде әрекет етуде, төтенше жағдайларда негізгі ревматологиялық көмекті көрсетуде, денсаулық сақтау саласын нығайту саясатын жүзеге асыру үшін кәсіпаралық ұжымдар құрамында жұмыс істеуде қиындықтар туғызады.	денсаулық сақтау жүйесінің құқықтық және ұйымдастырушылық шеңберінде әрекет ете алады, төтенше жағдайларда негізгі ревматологиялық көмекті көрсете алады, денсаулық сақтау саласын нығайту саясатын жүзеге асыру үшін кәсіпаралық ұжымдар құрамында жұмыс істей алады.	сақтау жүйесінің құқықтық және ұйымдастырушылық шеңберінде әрекеттеседі, төтенше жағдайларда негізгі ревматологиялық көмекті көрсетеді, денсаулық сақтау саласын нығайту саясатын жүзеге асыру үшін кәсіпаралық ұжымдар құрамында жұмыс істей алады.
ОН 5	Зерттеушілік қызметке кәсіби әдебиетті бағалау, халықаралық дерекқорларды пайдалану, зерттеу сұрақтарын құрастыру және олар бойынша жауаптар табу арқылы қатысады; кәсіби әдебиетті сыни тұрғыдан бағалайды, халықаралық базаларды күнделікті тәжірибеде тиімді қолданады, жасанды интеллектті пайдалана отырып, медициналық құжаттаманы және медико-статистикалық ақпаратты басқаруға қатысады.	адекватты зерттеу сұрақтарын құрастыра алмайды, кәсіби әдебиеттерді сыни тұрғыдан бағалай алмайды, халықаралық мәліметтер базасын күнделікті қызметінде тиімді пайдалана алуға қабілетті емес, зерттеу тобының жұмысына қатыспайды	адекватты зерттеу сұрақтарын құрастыруда қиналады, кәсіби әдебиеттерді сыни тұрғыдан бағалауда қиналады, халықаралық мәліметтер базасын күнделікті қызметінде тиімді пайдалана алуға қиналады, зерттеу тобының жұмысына қатысуға қиналады.	адекватты зерттеу сұрақтарын құрастыра алады, кәсіби әдебиеттерді сыни тұрғыдан бағалай алады, халықаралық мәліметтер базасын күнделікті қызметінде тиімді пайдалана алады, зерттеу тобының жұмысына қатысады.	Өздігінен адекватты зерттеу сұрақтарын құрастырады, кәсіби әдебиеттерді сыни тұрғыдан бағалай алады, халықаралық мәліметтер базасын күнделікті қызметінде тиімді пайдалана алады, зерттеу тобының жұмысына қатысады.
ОН 6	Өзін-өзі оқыту және өзгелерді оқыту, конференцияларға және кәсіби пікірталастарға қатысу арқылы ревматология	өз бетінше білім алу және кәсіби топтың басқа мүшелерін үйрету, талқылауларға,	өз бетінше білім алу және кәсіби топтың басқа мүшелерін үйретуде, талқылауларға, конференцияларға және үздіксіз	өз бетінше білім алу және кәсіби топтың басқа мүшелерін үйрету, талқылауларға,	өз бетінше білім алады және кәсіби топтың басқа мүшелерін үйретеді, талқылауларға,

ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Терапия және кардиология» кафедрасы		33 беттің 8 беті
Силлабус		

	саласында үздіксіз кәсіби дамуды жүзеге асырады.	конференцияларға және үздіксіз кәсіби дамудың басқа түрлеріне белсенді қатысуға қабілетті емес.	кәсіби дамудың басқа түрлеріне белсенді қатысуға қиналады.	конференцияларға және үздіксіз кәсіби дамудың басқа түрлеріне қатысады.	конференцияларға және үздіксіз кәсіби дамудың басқа түрлеріне белсенді қатысады.
10.2	Оқу әдістері мен технологияларын бағалау критерийлері				
	Тәжірибелік сабаққа арналған тексеру парағы				
	Бақылау түрі	Бағалау	Бағалау критерийлері		
1	Ауызша сұрау	Өте жақсы: А (4,0; 95-100%) А- (3,67; 90-94%) Жақсы: В+ (3,33; 85-89%) В (3,0; 80-84%) В- (2,67; 75-79%) С+ (2,33; 70-74%) Қанағаттанарлық: С (2,0; 65-69%) С- (1,67; 60-64%) Д+ (1,0; 50-54%) Қанағаттанарлықсыз: Fx (0,5; 25-49%) F (0; 0-24 %)	Оқытылатын тұлға материалды терең меңгерген және толық түсінген. Барлық сұрақтарға сенімді әрі қатесіз жауап береді. Практикадан мысалдар келтіреді, кәсіби және ғылыми терминологияны қолданады, өз позициясын логикалық тұрғыда дәлелдейді. Жауабы жан-жақты, қорытындыларды өз бетінше жасайды. Жауабы толық және логикалық, болмашы дәлсіздіктер мазмұнға әсер етпейді. Теориялық концепцияларды және олардың тәжірибедегі қолданылуын түсінетінін көрсетеді. Өз көзқарасын дәлелді түрде қорғайды, кәсіби терминологияны меңгерген. Жауабы негізінен дұрыс және логикалық, бірақ жекелеген елеусіз қателіктер немесе дәлсіздіктер кездеседі. Тақырыпты жалпы жақсы түсінген, алайда себеп-салдарлық байланыстарды әрдайым терең ашпайды. Жауабы дұрыс, бірақ толық емес. Тұжырымдауда аздаған логикалық олқылықтар бар. Теорияны тәжірибеде қолдануда қиналады, оқытушының нақтылаушы сұрақтарын қажет етеді. Жауабы тақырыпты ішінара ашады. Терминдерді қолдануда және тұжырымдауда дәлсіздіктер бар. Дәлелдеу әлсіз, мысалдар толық келтірілмеген. Тақырыпты түсіну деңгейі қанағаттанарлық. Жауабы тақырыптың негізгі ережелерімен ғана шектеледі. Жекелеген қателіктер жібереді, бірақ оқытушының ескертуінен кейін түзетеді. Кәсіби терминдерді әрдайым орынды қолданбайды. Жауабы толық емес, базалық ұғымдарда қателіктер кездеседі. Материал жүйесіз берілген, логикалық бірізділік бұзылған. Оқытушының жиі нақтылауын қажет етеді. Оқытылатын тұлға жауап беруде қиналады. Білімі үстірт және фрагменттік. Негізгі, принциптік қателіктер жібереді, сұрақтың мәнін әрдайым түсіне бермейді. Жауап формалды, сұрақтың мәнін ашпайды. Оқытылатын тұлға тақырып бойынша минималды білімге ие. Қателіктер көп, логикалық бірізділік жоқ. Жауабы толық емес және қате. Тақырыптың негізгі ұғымдарын меңгермеген. Ғылыми терминологияны қолданбайды, білімін тәжірибеде қолдана алмайды. Жауаптың мүлде болмауы немесе толықтай қате болуы. Материалды меңгермеген, тақырыпты түсінбейді. Білім деңгейін бағалау мүмкін емес.		
2	Тәжірибелік	Өте жақсы: А (4,0; 95-	Оқытылатын тұлға дағдыны толық және қатесіз орындайды; әрекеті сенімді, логикалық және бірізді;		

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Терапия және кардиология» кафедрасы		33 беттің 9 беті
Силлабус		

	дағдыларды бағалау	100%)	коммуникациясы дұрыс; барлық кезеңдер мен пациент қауіпсіздігі сақталған.
		A- (3,67; 90-94%)	Дағды іс жүзінде мінсіз орындалған, нәтижеге әсер етпейтін болмашы дәлсіздіктер бар. Клиникалық ойлау және техника жоғары деңгейде.
		Жақсы: B+ (3,33; 85-89%)	Дағды жақсы орындалған, бірізділік сақталған, бірақ детальдарда немесе коммуникацияда жекелеген кемшіліктер бар. Клиникалық шешім дұрыс қабылданған.
		B (3,0; 80-84%)	Негізгі кезеңдер дұрыс орындалған; аздаған қателіктер бар, бірақ олар жалпы нәтижеге әсер етпейді.
		B- (2,67; 75-79%)	Оқытылатын тұлға дағдыны жалпы дұрыс орындайды, бірақ техникада немесе логикада бірнеше қателік жібереді; бірізділікті жақсарту қажет.
		C+ (2,33; 70-74%)	Дағды қанағаттанарлық деңгейде орындалған, бірақ айтарлықтай кемшіліктер бар. Кейбір кезеңдер өткізіліп кеткен немесе сенімсіз орындалған. Қосымша жаттығулар қажет.
		Қанағаттанарлық: C (2,0; 65-69%)	Минималды талаптар орындалған. Бірнеше қателік және хаттамаға сай келмейтін тұстар бар, бірақ маңызды кезеңдер сақталған. Дағдыны жетілдіру қажет.
		C- (1,67; 60-64%)	Оқытылатын тұлға дағдының тек бір бөлігін орындаған; бірізділік бұзылған; қайта оқытуды талап ететін елеулі қателіктер бар.
		D+ (1,0; 50-54%)	Дағды өте сенімсіз орындалған; маңызды кезеңдер жіберілген; процесті түсіну үстірт.
		Қанағаттанарлықсыз: FX (0,5; 25-49%)	Оқытылатын тұлға жалпы принципті түсінеді, бірақ техника дұрыс емес. Кезеңдердің көбісі қате орындалған немесе мүлдем орындалмаған. Дағдыны қайтадан толық меңгеру қажет.
3	Клиникалық жағдайды талдауды бағалау	F (0; 0-24 %)	Оқытылатын тұлға дағдыны меңгермеген; бірізділік, техника және клиникалық мәнділік туралы түсінік жок.
		Өте жақсы: A (4,0; 95-100%)	Клиникалық жағдай толық және қателіксіз талданған. Барлық негізгі деректер (анамнез, симптомдар, зертханалық, морфологиялық және аспаптық зерттеулер) жиналған. Патофизиология мен клиникалық логика анық, терең және бірізді баяндалған. Дифференциалды диагноз кең көлемде, дәлелді түрде жүргізілген, әрбір шығару қисынды түсіндірілген. Негізгі және қосалқы диагноз дұрыс қойылған. Диагностика, емдеу және мониторинг тактикасын қамтитын заманауи, қауіпсіз және негізделген жүргізу жоспары ұсынылған. Клиникалық жағдайды клиникалық ұсынымдармен және дәлелді база-мен байланыстыра алады.
		A- (3,67; 90-94%)	Талдау өте жоғары деңгейде, жалпы нәтижеге әсер етпейтін жекелеген болмашы дәлсіздіктер бар. Дифференциалды диагноз логикалық және жеткілікті терең. Жүргізу жоспары дұрыс және сенімді негізделген. Клиникалық және зертханалық байланыстар толық ашылған.
		Жақсы: B+ (3,33; 85-89%)	Талдау сапалы орындалған, қателіктер минималды. Қажетті ақпараттың басым бөлігі жиналған, логика жалпы алғанда сақталған. Дифференциалды диагноз бар, бірақ жеткілікті терең емес. Емдеу тактикасы дұрыс баяндалған, алайда аргументация ішінара үстірт.
		B (3,0; 80-84%)	Талдаудың негізгі элементтері бар, бірақ бірнеше қателік немесе толық емес түсіндіру кездеседі.

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Терапия және кардиология» кафедрасы		33 беттің 10 беті
Силлабус		

			Дифференциалды диагноз шектеулі, бірақ негізді. Жүргізу жоспары дұрыс, бірақ нақтылау мен жетілдіруді қажет етеді.
		B- (2,67; 75-79%)	Талдаудың логикасы сақталған, бірақ айқын олқылықтар бар. Бірнеше клиникалық дерек өткізіліп кеткен немесе дұрыс интерпретацияланбаған. Дифференциалды диагноз тар, жеткілікті негізделмеген. Жүргізу жоспары дұрыс, бірақ үстірт.
		C+ (2,33; 70-74%)	Талдау орындалған, бірақ бірнеше маңызды қателіктер бар. Маңызды ақпараттың бір бөлігі жиналмаған немесе дұрыс түсіндірілмеген. Дифференциалды диагноз әлсіз немесе жартылай қате. Жүргізу жоспары толық емес, аргументация жеткіліксіз.
		Қанағаттанарлық: C (2,0; 65-69%)	Клиникалық жағдайды түсіну бар, бірақ өте үстірт. Қателер қайталанады, негізгі деректер өткізіліп кеткен. Дифференциалды диагноз толық емес немесе дұрыс құрылмаған. Жүргізу жоспары минималды, толық ашылмаған.
		C- (1,67; 60-64%)	Талдаудың логикасы айтарлықтай бұзылған. Негізгі деректер қате интерпретацияланған. Дифференциалды диагноз қате. Ұсынылған жүргізу жоспары дұрыс емес немесе қауіпсіз емес.
		D+ (1,0; 50-54%)	Талдау формалды, клиникалық логика жоқ. Негізгі деректердің көп бөлігі өткізіліп кеткен. Диагностикалық қорытындылар сенімсіз немесе қате. Емдеу тактикасы жоқ немесе стандарттарға қайшы.
		Қанағаттанарлықсыз: FX (0,5; 25-49%)	Резидент клиникалық талдауды орындауда киналады, тапсырманы орындауға тырысқанына қарамастан. Қорытындылар бейберекет, негізгі клиникалық деректер анықталмаған. Диагностикалық логика жоқ. Жүргізу жоспары қате және пациент үшін қауіпті болуы мүмкін.
		F (0; 0-24 %)	Клиникалық жағдайды мүлде түсінбеу байқалады. Қателер өрескел және жүйелі. Дифференциалды диагноз қою мүмкін емес. Жүргізу жоспары жоқ немесе толықтай клиникалық стандарттарға қайшы.**
ТРӨЖ/РӨЖ-ге арналған тексеру парағы			
1	360 бағалау Тәлімгердің бағасы:	Өте жақсы: A (4,0; 95-100%)	Резидент кәсібиліктің және клиникалық кемелділіктің ең жоғарғы деңгейін көрсетеді. Ордайым дайын, жұмысқа белсенді қатысады, бастама көтереді. Клиникалық ойлау терең, шешімдері негізді және қауіпсіз. Міндеттерін сенімді орындайды, хаттамалар мен стандарттарды сақтайды. Пациенттермен, әріптестермен және мейірбикелермен тамаша коммуникация орнатады. Кері байланысты қабылдап, жұмысын тез жақсартады. Жағымды жұмыс атмосферасын қалыптастырады. Болашақ дербес маманның дағдыларын көрсетеді.
		A- (3,67; 90-94%)	Өте жоғары деңгей, болмашы, маңызды емес кемшіліктер бар. Жұмыс тұрақты, сенімді, кәсіби. Өзіндік жұмысы жоғары, бірақ қажет болған жағдайда көмекке дер кезінде жүгінеді. Коммуникациясы өте жақсы, жауапкершілігі жоғары.
		Жақсы: B+ (3,33; 85-89%)	Жұмыс сапалы, қателіктер сирек және аса маңызды емес. Клиникалық ойлау жақсы, бірақ кейде жеткілікті терең емес. Коммуникациясы дұрыс, командадағы қарым-қатынас оң. Кері байланысты қабылдайды, бірақ кейде еске салуды қажет етеді.

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Терапия және кардиология» кафедрасы		33 беттің 11 беті
Силлабус		

		B (3,0; 80-84%)	Міндеттерін адал орындайды, бірақ бірнеше қателіктер жібереді. Кейде маңызды детальдарды өткізіп алады немесе нақтылауды қажет етеді. Коммуникация жалпы алғанда дұрыс, бірақ бастамашылық байқалмайды. Орташа деңгейде бақылауды қажет етеді.
		B- (2,67; 75-79%)	Резидент жұмыс істей алады, бірақ сенімсіздік немесе білімдегі олқылықтар байқалады. Қателіктер жүйелі түрде кездеседі, бірақ сыни емес. Белсенділігі төмен, дербестігі шектеулі. Прогресс бар, бірақ баяу.
		C+ (2,33; 70-74%)	Минималды талаптарды орындайды, бірақ айқын қателіктер көп. Клиникалық ойлау үстірт, жиі нұсқау қажет етеді. Коммуникация формалды, бастамашылық жоқ. Құжаттама, алгоритмдер және өзара әрекеттесуде кемшіліктер бар.
		Қанағаттанарлық: C (2,0; 65-69%)	Дағдылар мен мінез-құлық дайындық деңгейінен төмен. Қателіктер жиі, дербестік жоқ. Тәлімгердің тұрақты бақылауын қажет етеді. Пациенттермен және әріптестермен өзара әрекеттесу тұрақсыз.
		C- (1,67; 60-64%)	Бағдарламаны меңгеру қиын. Жүйелі қателер, клиникалық процестерді түсіну әлсіз. Командалық жұмыс бұзылған немесе шиеленіс тудырады. Қарқынды жетекшілік қажет етеді.
		D+ (1,0; 50-54%)	Жұмыс рұқсат етілетін деңгейден төмен. Міндеттердің көпшілігі қате немесе толық емес орындалады. Коммуникация қиын, резидент кері байланысты нашар қабылдайды. Тұрақты бақылау және түзету қажет.
		Қанағаттанарлықсыз: FX (0,5; 25-49%)	Резидент тырысады, бірақ міндеттердің басым бөлігін орындай алмайды. Өрескел қателіктер, пациент қауіпсіздігінің бұзылуы байқалады. Клиникалық логика жоқ, командада жұмыс істей алмайды. Кері байланысты түсінбейді немесе елемейді. Қайта оқыту талап етіледі.
		F (0; 0-24 %)	Негізгі құзыреттер мүлдем қалыптаспаған. Жұмыс пациентке немесе ұжымға қауіпті. Тәртіп, этика және кәсібилік талаптары бұзылады. Оқыту кезеңінде резидент рөлін атқара алмайды.**
360 бағалау бөлім меңгерушісі:	Өте жақсы: A (4,0; 95-100%)	Резидент жоғары клиникалық кемелділікті, тәртіпті және кәсібилікті көрсетеді, талап етілетін деңгейден едәуір жоғары. Өздігінен, сауатты жұмыс істейді, қауіпсіз шешімдер қабылдайды. Әрдайым дайын, құжаттаманы қателіксіз жүргізеді. Клиникалық жағдайларда тез бағдарланады, басымдықтарды дұрыс қояды. Пациенттермен және персоналмен құрметпен әрі тиімді әрекеттеседі. Көшбасшылық қасиеттер көрсетеді, бөлім жұмысының жақсаруына ықпал етеді. Бақылауды қажет етпейді — толық сенім.	
	A- (3,67; 90-94%)	Өте жоғары деңгейде жұмыс істейді, сирек кездесетін болмашы кемшіліктер бар. Сенімді, дербес, детальдарға мұқият. Коммуникация мен тәртіп жоғары деңгейде. Жоғары жүктеме жағдайында жұмыс істей алады.	
	Жақсы: B+ (3,33; 85-89%)	Жұмыс сапалы және тұрақты. Қателіктер сирек және елеусіз. Құжаттама реттелген, клиникалық шешімдер негізінен дұрыс. Персоналмен өзара әрекеттесуі конструктивті және құрметті. Минималды бақылауды қажет етеді.	
	B (3,0; 80-84%)	Жалпы талаптарға сәйкес келеді, бірақ бірнеше айқын қателік жіберіледі. Кейде клиникалық шешімдер қабылдауда кідіріс болады немесе маңызды детальдар өткізіліп кетеді. Коммуникациясы дұрыс, бірақ бастамашылық байқалмайды. Мерзімді түзетуді қажет етеді.	
	B- (2,67; 75-79%)	Жұмыс деңгейі күтілетін деңгейден төмен: клиникалық ойлауда немесе ұйымдастыруда олқылықтар бар.	

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Терапия және кардиология» кафедрасы		33 беттің 12 беті
Силлабус		

		Қателіктер үнемі кездеседі, бірақ ауыр салдары жоқ. Дербестік шектеулі. Бөлім меңгерушісінің белсенді бақылауын қажет етеді.
	C+ (2,33; 70-74%)	Бағдарлама талаптарына минималды деңгейде сәйкес келеді. Құжаттамада, клиникалық бағалауда немесе коммуникацияда айтарлықтай қателіктер бар. Дербестік төмен. Жүктемені немесе басымдықтарды дұрыс бөлісе алмайды. Прогресс бар, бірақ жеткіліксіз.
	Қанағаттанарлық: C (2,0; 65-69%)	Жұмыс деңгейі талаптан төмен. Қателіктер жиі және бөлім стандартына сай емес. Персоналмен немесе пациенттермен коммуникация әлсіз. Тұрақты бақылау және түзету қажет.
	C- (1,67; 60-64%)	Жұмыс стандарттары жүйелі түрде бұзылады. Қателіктер елеулі, кейде қауіпті. Тәртіп тұрақсыз, жауапкершілік төмен. Бөлімнің жүктемесімен күресе алмайды.
	D+ (1,0; 50-54%)	Резиденттің жұмысы рұқсат етілетін деңгей шегінде. Дербестік төмен, қателіктер жиі. Командамен өзара әрекеттесу қиын. Тұрақты бақылауды қажет етеді және прогресс жеткіліксіз.
	Қанағаттанарлықсыз: FX (0,5; 25-49%)	Резидент негізгі міндеттерді орындай алмайды. Қателіктер өрескел, қайталанатын, пациент қауіпсіздігіне қауіп төндіреді. Тәртіп қанағаттанарлықсыз. Кері байланысты қабылдамайды немесе қолдана алмайды. Қайта даярлаусыз әрі қарай білім алуға дайын емес.
	F (0; 0-24 %)	Кәсіби құзыреттер мүлдем қалыптаспаған. Резиденттің функцияларын орындай алмайды. Клиникалық қауіпсіздік пен тәртіпті жүйелі түрде бұзады. Мінез-құлқы орынсыз, кәсібилігі жоқ. Шығарылады немесе қайта оқыту қажет.
360 бағалау Кезекші дәрігердің бағасы	Өте жақсы: A (4,0; 95-100%)	Резидент дербес кезекшілікке жоғары дайындық деңгейін көрсетеді. Пациенттерді сенімді жүргізеді, ауырлық дәрежесі бойынша сауатты түрде сұрыптайды. Клиникалық шешімдерді жылдам және дұрыс қабылдайды, стандарттарды сақтайды. Шұғыл шараларды нақты және кідіріссіз орындайды. Мейірбикелермен, дәрігерлермен, шұғыл қызметтермен тамаша байланыс орнатады. Құжаттаманы уақтылы және қателіксіз жүргізеді. Эмоциялық тұрғыда тұрақты, стресс жағдайында өзін-өзі жақсы басқарады. Жүктемені толық орындайды, бақылауды қажет етпейді.
	A- (3,67; 90-94%)	Өте жақсы деңгей, жекелеген болмашы кемшіліктер бар. Шешімдер уақтылы, пациенттерге көрсетілетін көмек сапалы. Құжаттама дұрыс, персоналмен өзара әрекеттесуі сенімді. Кезекшілікті дербес атқаруға барынша жақын.
	Жақсы: B+ (3,33; 85-89%)	Жұмыс сапалы, бірақ кейде кідіріс жасайды немесе ұсақ қателіктер жібереді. Жалпы пациенттерді дұрыс сұрыптайды және кезекшілікті дұрыс жүргізеді. Коммуникация кәсіби, бірақ бастамашылық кейде жеткіліксіз. Кері байланысты қабылдайды, түзетіледі.
	B (3,0; 80-84%)	Жұмыс деңгейі жақсы, бірақ бірнеше айқын кемшілік бар. Стресс жағдайында шатасуы мүмкін, бірақ соңында дұрыс шешім қабылдайды. Құжаттама адал жүргізіледі, бірақ әрдайым уақтылы емес. Кейде тәлімгердің қосымша бағыттауы қажет.
	B- (2,67; 75-79%)	Кезекшілікті қанағаттанарлық жүргізеді, бірақ сенімсіз. Пациенттерді сұрыптауда немесе ауырлықты бағалауда жиі қателеседі. Реакция баяу, алгоритмдерді біледі, бірақ бірізді қолданбайды. Аға дәрігердің

ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
«Терапия және кардиология» кафедрасы		33 беттің 13 беті
Силлабус		

		мерзімді бақылауын қажет етеді.
	C+ (2,33; 70-74%)	Кезекші дәрігер талаптарына минималды сәйкес келеді. Құжаттамада қателер, шешім қабылдауда кідірістер бар. Пациент жағдайын әрдайым дұрыс бағалай алмайды. Дербестік төмен, бірақ оң динамика байқалады.
	Қанағаттанарлық: C (2,0; 65-69%)	Жиі қателеседі, бір уақытта бірнеше пациентпен жұмыс істеуде қиындық бар. Шұғыл жағдайларда сенімсіз. Персоналмен өзара әрекеттесу тұрақсыз. Аға дәрігердің тұрақты қатысуын қажет етеді.
	C- (1,67; 60-64%)	Кезекшілікке дайындық деңгейі төмен. Қателіктер жүйелі және қауіпті. Приоритеттер мен алгоритмдерде нашар бағдарланады. Үздіксіз бақылаусыз кезекшілік мүмкін емес.
	D+ (1,0; 50-54%)	Жұмыс минималды талаптарға әрең сәйкес келеді. Клиникалық ойлау әлсіз, қателер жиі. Жүктемені көтере алмайды, шаршайды, шатасады. Тұрақты көмек болмаса, бөлім қауіпсіздігін қамтамасыз ете алмайды.
	Қанағаттанарлықсыз: FX (0,5; 25-49%)	Кезекшілікті атқара алмайды, өрескел қателіктер жібереді. Шұғыл көмек алгоритмдерін білмейді немесе дұрыс қолданбайды. Шешім қабылдауда қауіпті кідірістер бар. Құжаттама ретсіз, коммуникация қанағаттанарлықсыз. Қайта оқыту және дербес кезекшіліктерге жібермеу қажет.
	F (0; 0-24 %)	Кезекші дәрігер міндеттерін орындауға толық қабілетсіз. Пациент қауіпсіздігін жүйелі түрде бұзады. Клиникалық логика, тәртіп және жауапкершілік жоқ. Кезекшілікке жіберуге болмайды, оқу бағдарламасын қайта қарау қажет.
360 бағалау резиденттің бағасы	Өте жақсы: A (4,0; 95-100%)	Резидент кәсіби мінез-құлық пен командалық өзара әрекеттесудің жоғары деңгейін көрсетеді, әріптестеріне үлгі бола алады. Әрдайым көмектесуге дайын, жүктемені сауатты бөледі. Сенімді, дербес жұмыс істейді, қақтығыстар туғызбайды. Клиникалық жағдайларда тез бағдарланады, білімін басқалармен бөліседі.
	A- (3,67; 90-94%)	Өте жоғары деңгей, тек ұсақ, мәнсіз кемшіліктер бар. Сенімді, сыпайы, тәртіпті әріптес. Басқаларға көмектеседі, қақтығыстар туғызбайды. Командада оңай жұмыс істейді.
	Жақсы: B+ (3,33; 85-89%)	Әріптестермен құрметпен әрекеттеседі, топта жақсы жұмыс істейді. Қателіктер немесе түсінбеушіліктер сирек және оңай түзетіледі. Міндеттерін уақытында орындайды. Білімімен бөлісе алады, бірақ әрдайым белсенді емес.
	B (3,0; 80-84%)	Командада жұмыс істеуі жақсы, бірақ жекелеген кемшіліктер бар. Кейде тұйық немесе пассивті болуы мүмкін. Кері байланысты қабылдайды, бірақ оны әрдайым бірден қолданбайды. Сенімді, бірақ бастамашыл емес.
	B- (2,67; 75-79%)	Өзара әрекеттесу формалды, сенімсіздік немесе алыстаушылық байқалады. Коммуникацияда қателіктер жиі кездеседі. Кейде жауапкершілікті өзгелерге аударады. Командалық дағдыларды дамыту қажет.
	C+ (2,33; 70-74%)	Коммуникация және топтық жұмыс минималды деңгейде. Өзара түсінбеушілік немесе шиеленіс жиі туындайды. Міндеттерді орындауда тұрақсыз. Өзін дұрыс ұстайды, бірақ ынтымақтастық төмен.

ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Терапия және кардиология» кафедрасы		33 беттің 14 беті
Силлабус		

		Қанағаттанарлық: С (2,0; 65-69%)	Бінтымақтастық қиын: кейде тапсырмаларды кешіктіреді, мәселелер туралы алдын ала хабарламайды, топқа көмектеспейді. Қақтығыстар тудыруы мүмкін. Бастамашылдық пен жауапкершілік байқалмайды.
		C- (1,67; 60-64%)	Командалық өзара әрекеттесу бұзылған. Қақтығыстар немесе әріптестердің шағымдары жиі болады. Құрметсіз мінез-құлық немесе пассивті агрессия байқалады. Уәделер мен міндеттер орындалмайды.
		D+ (1,0; 50-54%)	Әріптестермен жұмыс өте қиын. Жауапкершілік төмен. Тапсырмаларды жиі өзгелерге жүктейді, қатысудан қашады. Бірлесіп жұмыс істеуге дайын емес.
		Қанағаттанарлықсыз: FX (0,5; 25-49%)	Резидент жұмыс үдерістерін айтарлықтай бұзады. Қақтығыстар туғызады, міндеттерін орындамайды. Басқалардың уақытын және еңбегін құрметтемейді. Әріптестерден тұрақты шағымдар түседі. Командалық жұмыс мүмкін емес.
		F (0; 0-24 %)	Ұжыммен жұмыс істеуге толық қабілетсіз. Этикаға сай келмейтін, деструктивті немесе агрессивті мінез-құлық байқалады. Жұмыс нормаларын жүйелі түрде бұзады. Бөлім меңгерушісінің араласуын және оқу траекториясын қайта қарауды талап етеді.**
2	Ғылыми мақалаларды талдау	Өте жақсы: А (4,0; 95-100%)	Талдау жоғары ғылыми және аналитикалық деңгейде орындалған. Оқытылатын тұлға тақырыпты терең түсінетінін көрсетеді, мақаланы сауатты талдайды, деректердің дәлдігін, зерттеу әдістерін және қорытындыларды бағалайды. Талдау логикалық, құрылымды және тілдік безендірілуі жоғары деңгейде. Сұрақтарға сенімді және дәлелді түрде жауап береді.
		A- (3,67; 90-94%)	Оқытылатын тұлға материалды сенімді түрде ұсынады, зерттеудің мәнін түсінетінін көрсетеді, деректерді дұрыс бағалайды және қорытынды жасайды. Болмашы дәлсіздіктер талдау сапасына әсер етпейді.
		Жақсы: B+ (3,33; 85-89%)	Материал жалпы дұрыс ашылған, бірақ терең сыни талдау жоқ. Деректерді интерпретациялауда аздаған дәлсіздіктер бар. Талдау құрылымды және логикалық, аргументация жеткілікті.
		B (3,0; 80-84%)	Талдау үстірт орындалған, әдіснаманы және ғылыми маңыздылығын егжей-тегжейлі бағалау жоқ. Жекелеген дәлсіздіктер бар, аргументация әлсіз. Сұрақтарға жауап береді, бірақ оқытушының көмегімен.
		B- (2,67; 75-79%)	Талдау ақпаратқа толы, бірақ сыни көзқарасты көрсетпейді. Фактілер келтірілген, бірақ интерпретация жоқ. Мақала қорытындыларын бағалауда қателіктер кездеседі.
		C+ (2,33; 70-74%)	Тақырыпты шектеулі деңгейде түсінеді. Мақала мазмұнын талдаусыз қайта баяндайды. Негізгі қорытындыларды және ғылыми жаңалықты бөліп көрсете алмайды.
		Қанағаттанарлық: С (2,0; 65-69%)	Талдау минималды, дербес қорытындылар жоқ. Деректерді интерпретациялауда өрескел қателіктер бар. Слайдтар құрылымсыз, ауызша бөлім сенімсіз.
		C- (1,67; 60-64%)	Мақаланы талдаусыз қайта баяндау. Зерттеу әдіснамасы мен клиникалық маңыздылығын түсінбеу байқалады.
		D+ (1,0; 50-54%)	Жұмыс формалды орындалған. Деректерді баяндауда және логикада қателіктер бар. Сыни талдау жоқ. Мақала мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бере алмайды.
		Қанағаттанарлықсыз: FX (0,5; 25-49%)	Талдау тақырыпқа сәйкес келмейді немесе өрескел қателіктермен орындалған. Материалды түсінбеу байқалады, құрылым, талдау және қорытындылар жоқ.

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Терапия және кардиология» кафедрасы		33 беттің 15 беті
Силлабус		

		F (0; 0-24 %)	Талдау жоқ немесе тапсырма талаптарына мүлде сәйкес келмейді. Түсіну және ғылыми мазмұн толықтай жоқ.
Аралық аттестаттауға арналған тексеру парағы			
1	Ауызша сұрау	Өте жақсы: А (4,0; 95-100%)	Оқытылатын тұлға материалды терең меңгерген және толық түсінген. Барлық сұрақтарға сенімді әрі қатесіз жауап береді. Практикадан мысалдар келтіреді, кәсіби және ғылыми терминологияны қолданады, өз позициясын логикалық тұрғыда дәлелдейді. Жауабы жан-жақты, қорытындыларды өз бетінше жасайды.
		A- (3,67; 90-94%)	Жауабы толық және логикалық, болмашы дәлсіздіктер мазмұнға әсер етпейді. Теориялық концепцияларды және олардың тәжірибедегі қолданылуын түсінетінін көрсетеді. Өз көзқарасын дәлелді түрде қорғайды, кәсіби терминологияны меңгерген.
		Жақсы: B+ (3,33; 85-89%)	Жауабы негізінен дұрыс және логикалық, бірақ жекелеген елеусіз қателіктер немесе дәлсіздіктер кездеседі. Тақырыпты жалпы жақсы түсінген, алайда себеп-салдарлық байланыстарды әрдайым терең ашпайды.
		B (3,0; 80-84%)	Жауабы дұрыс, бірақ толық емес. Тұжырымдауда аздаған логикалық олқылықтар бар. Теорияны тәжірибеде қолдануда қиналады, оқытушының нақтылаушы сұрақтарын қажет етеді.
		B- (2,67; 75-79%)	Жауабы тақырыпты ішінара ашады. Терминдерді қолдануда және тұжырымдауда дәлсіздіктер бар. Дәлелдеу әлсіз, мысалдар толық келтірілмеген. Тақырыпты түсіну деңгейі қанағаттанарлық.
		C+ (2,33; 70-74%)	Жауабы тақырыптың негізгі ережелерімен ғана шектеледі. Жекелеген қателіктер жібереді, бірақ оқытушының ескертуінен кейін түзетеді. Кәсіби терминдерді әрдайым орынды қолданбайды.
		Қанағаттанарлық: C (2,0; 65-69%)	Жауабы толық емес, базалық ұғымдарда қателіктер кездеседі. Материал жүйесіз берілген, логикалық бірізділік бұзылған. Оқытушының жиі нақтылауын қажет етеді.
		C- (1,67; 60-64%)	Оқытылатын тұлға жауап беруде қиналады. Білімі үстірт және фрагменттік. Негізгі, принциптік қателіктер жібереді, сұрақтың мәнін әрдайым түсіне бермейді.
		D+ (1,0; 50-54%)	Жауап формалды, сұрақтың мәнін ашпайды. Оқытылатын тұлға тақырып бойынша минималды білімге ие. Қателіктер көп, логикалық бірізділік жоқ.
		Қанағаттанарлықсыз: FX (0,5; 25-49%)	Жауабы толық емес және қате. Тақырыптың негізгі ұғымдарын меңгермеген. Ғылыми терминологияны қолданбайды, білімін тәжірибеде қолдана алмайды.
		F (0; 0-24 %)	Жауаптың мүлде болмауы немесе толықтай қате болуы. Материалды меңгермеген, тақырыпты түсінбейді. Білім деңгейін бағалау мүмкін емес.
2	Тестілеу	Білімді бағалау көпбаллдық жүйе бойынша жүзеге асырылады.	
3	Портфолионы қалыптастыру (PF)	Өте жақсы: А (4,0; 95-100%)	Портфолио толық, терең және қателіксіз қалыптастырылған. Барлық бөлімдер толтырылған, материалдар құрылымдалған және кәсіби рәсімделген. Резидент саналы және кемелді рефлексия көрсетеді, өз күшті тұстарын және даму аймақтарын анық түсінеді. Клиникалық жағдайлар, тапсырмалар, дәлелді аргументациямен берілген шешімдер қамтылған. Жетістіктер, прогресс, меңгерілген құзыреттер

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Терапия және кардиология» кафедрасы	33 беттің 16 беті
Силлабус	

		көрсетілген. Құжаттама толық әрі ұқыпты. Портфолио білім беру мақсаттарына толық сәйкес келеді және кәсіби дайындықтың жоғары деңгейін көрсетеді.
A- (3,67; 90-94%)		Портфолио өте жоғары деңгейде орындалған, жекелеген болмашы кемшіліктер мазмұн сапасына әсер етпейді. Мазмұны логикалық, рефлексия жан-жақты, құрылымы сақталған. Бағдарлама талаптары орындалған.
Жаксы: B+ (3,33; 85-89%)		Портфолио сапалы, бірақ жекелеген бөлімдерде талдау тереңдігі жеткіліксіз болуы мүмкін. Рефлексия бар, бірақ әрдайым егжей-тегжейлі емес. Барлық бөлімдер толтырылған, алайда материалдардың көлемі мен сапасы әрқелкі.
B (3,0; 80-84%)		Портфолио талаптарға сәйкес, бірақ бірнеше бөлім үстірт орындалған. Аналитикалық бөлігі шектеулі, кей тұстарда олқылықтар немесе жеткілікті дәлелденбеген мысалдар байқалады. Жалпы құрылым сақталған, бірақ қосымша жетілдіру қажет.
B- (2,67; 75-79%)		Портфолио біркелкі орындалмаған. Аналитика аз: мазмұн көбіне фактілерді тізімдеумен шектелген, терең талдау жоқ. Құзыреттерді орындаудың жеткілікті дәлелдері ұсынылмаған. Құрылым кейде логикалық емес және жетілдіруді қажет етеді.
C+ (2,33; 70-74%)		Портфолио минималды деңгейде орындалған. Материалдардың едәуір бөлігі формалды, рефлексия үстірт. Кейбір бөлімдер толық емес немесе дәл емес. Құжаттама жеткіліксіз, құзыреттердің дәлелдері аз.
Қанағаттанарлық: C (2,0; 65-69%)		Портфолиода айқын олқылықтар бар: негізгі құжаттар, мысалдар немесе тапсырмалар жоқ. Рефлексия формалды, әлсіз. Құрылым жүйесіз, нақты прогресті бағалауға кедергі келтіреді. Талаптарға сәйкестік минималды.
C- (1,67; 60-64%)		Портфолио әлсіз: бөлімдердің едәуір бөлігі орындалмаған немесе нашар жасалған. Материалдар толық емес, құрылымсыз немесе форматқа сәйкес келмейді. Нәтижелер кәсіби дамуды көрсетпейді.
D+ (1,0; 50-54%)		Портфолио минималды талаптарға әрең сәйкеседі. Көптеген олқылықтар, әлсіз мысалдар, құзыреттерді меңгерудің дәлелдері жоқ. Рәсімдеу сапасы төмен, дербестік минималды. Прогресс іс жүзінде көрсетілмеген.
Қанағаттанарлықсыз: FX (0,5; 25-49%)		Портфолио толық емес, жүйесіз және мазмұнсыз. Құрылымы жоқ, материалдар ретсіз немесе мүлдем сәйкес емес. Рефлексия жоқ немесе өте әлсіз. Бөлімдердің көпшілігі бос немесе қате рәсімделген. Бағдарлама талаптары орындалмаған.
F (0; 0-24 %)		Портфолио ұсынылмаған немесе толықтай жарамсыз. Материалдар мен прогресс дәлелдері мүлдем жоқ. Портфолио оқу процесін де, құзыреттер деңгейін де, резиденттің дамуын да көрсетпейді.

Білімді бағалаудың көпбалдық жүйесі			
Әріптік жүйе бойынша бағалау	Балдардың сандық эквиваленті	Пайыздық мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A -	3,67	90-94	

ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Терапия және кардиология» кафедрасы		33 беттің 17 беті
Силлабус		

B +	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B -	2,67	75-79	
C +	2,33	70-74	қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C -	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

11.	Оқу ресурстары
Электронды ресурстар (мысалы: видео, аудио, дайджесты)	Тургунова, Л. Г. Ішкі аурулар. Ревматология модулі [Электронный ресурс] : оқулық = Модуль внутренние болезни. Ревматология : учебник / Л. Г. Тургунова, Т. К. Дюсембаева, А. Р. Алина. - Электрон.текстовые дан. (1,42Мб). - М. : "Литтерра", 2016. - 264 бет.эл. опт. диск (CD-ROM) Ревматология: Клиникалық ұсыныстар [Электронный ресурс] : оқулық / Е. Л. Насонов [ж/б.] ; қазтіл. ауд. Ш. Т. Жукушева. - 2-ші бас., өнд. толық. - Электрон.текстовые дан. (1,42Мб). - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 512 бет.эл. опт. диск (CD-ROM). Стрюк Р.И., Ермолина Л.М. Ревматические болезни: болезни суставов и диффузные заболевания соединительной ткани. Книга II. II-том. Руководство для врачей: Эверо, 2020. – 248 ст. https://elib.kz/ru/search/read_book/2756/ Қабиева С.М. Ювенильды ревматоидты артриттің диагностикасы мен емінің жаңаша қағидалары: Оқу құралы / С.М. Қабиева. – Алматы: ЖШС «Эверо», 2020. -112 б. https://www.elib.kz/ru/search/read_book/649/ Қабиева С.М.Қ13 Ювенильды ревматоидты артриттің диагностикасы мен емінің жаңаша қағидалары: Оқу құралы / С.М. Қабиева. Алматы: ЖШС «Эверо», 2020. -112 б https://elib.kz/ru/search/read_book/649/ Толеуова А.С., Тайжанова Д.Ж.Дифференциальный диагноз по суставному синдрому. - Учебно-методическое пособие. Алматы. Эверо, - 2020. - 144 с. https://www.elib.kz/ru/search/read_book/454/ Ситуационные задачи. Кардиология. Ревматология : учебное пособие / Т. А. Раскина, Т. В. Протасова, Н. И. Лебедева, Н. В. Митрофанова. — Кемерово : Кемеровская государственная медицинская академия, 2011. — 112 с. https://www.iprbookshop.ru/6088 Багирова, Г. Г. Амбулаторная ревматология в тестах, задачах и комментариях к ним : учебное пособие для врачей первичного звена / Г. Г. Багирова, О. Ю. Майко. — Оренбург : Оренбургская государственная медицинская академия, 2011. — 152 с.: https://www.iprbookshop.ru/21786 Багирова, Г. Г. Амбулаторная ревматология в тестах, задачах и комментариях к ним : учебное пособие для врачей первичного звена / Г. Г. Багирова, О. Ю. Майко. — Оренбург : Оренбургская государственная медицинская академия, 2011. — 152 с.: https://www.iprbookshop.ru/21786
Электронды оқулықтар	http://ifomclinical.startpractice.com http://www.medscape.com http://research.nhgri.nih.gov http://www.ncbi.nlm.nih.gov/PubMed/ http://www.medline.comhttp://www.medlit.com

ÖNTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Терапия және кардиология» кафедрасы		
Силлабус		33 беттің 18 беті

Журналдар(эле ктронды журналдар)	https://www.sciencedirect.com https://www.ncbi.nlm.nih.gov/pubmed
Әдібетер	Негізгі әдебиеттер Омаров, Т. Р. Неотложные состояния в клинике внутренних болезней : учебное пособие / Т. Р. Омаров, В. А. Омарова. - Караганда : АҚНҰР, 2019. - 518 с. Калиева, Ш. С. Клиническая фармакология и рациональная фармакотерапия. Том 2 : учебник / Ш. С. Калиева, Н. А. Симохина. - Алматы :Эверо, 2016. - 288 с. Ішкі аурулар: Ревматология модулі :оқулық = Внутренние болезни: модуль ревматология : учебник / Л. Г. Тургунова [ж.б.]. - М. : "Литтерра", 2016. - 264 б. с. Ревматология: Клиникалық ұсыныстар: оқу құралы / ред. басқ. Е. Л. Насонов; қаз.тіліне ауд. Ш. Т. Жукушева; жауапты ред. Л. Қ. Қаражанова. - 2-бас., өнд. жәнетолықт. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 512 бет. с. Ревматология : учеб. пособие / под ред. Н. А. Шостак. - ; Рек. УМО мед.и фарм. образованию вузов России. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2012. - 448 с. Қосымша әдебиеттер Ішкі аурулар бойынша объективтендірілген құрамдастырылған клиникалық емтихан : оқу-әдістемелік құрал = Объективный структурированный клинический экзамен по внутренним болезням : учебно методическое пособие / М. Оспанов атындағы БҚММУ ; құрас. Қ. Ж. Ахметов [ж.б.]. - М. : "Литтерра", 2016. - 368 б. Жалпы дәрігерлік практика: ұлттық нұсқаулық. 2 томдық. 1 том : нұсқаулық / Қазақ тіліне ауд. Қ. Ә. Әлиханова. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2016. - 992 б. с. : ил. Жалпы дәрігерлік практика: ұлттық нұсқаулық. 2 томдық. 2 том: нұсқаулық / Қазақ тіліне ауд. Қ. Ә. Әлиханова. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2016. - 896 б. с. : ил. Ревматология. Клинические лекции : руководство / под ред. В. В. Бодокина. - ; Материал подгот. Рос.мед. акад. - М. : "Литтерра", 2014. - 592 с. Общая врачебная практика. В 2 т. Т. 2: национальное рук. / под ред. И. Н. Денисов, О. М. Лесняк. - ; Подготовлено под эгидой АСМОК. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2013. - 888 с. Общая врачебная практика. В 2 т. Т. 1: национальное рук. / под ред. И. Н. Денисова, О. М. Лесняк. - ; Ред. под эгидой АСМОК. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2013. - 976 с. Сейсембеков, Т. З. Классификации и диагностические критерии внутренних болезней : учеб. пособие / Т. З. Сейсембеков ; М-во здравоохранения РК; Учеб.-методическая секция при Каз.ГМА по специальностям высш. и послевузовского образования; КазГМА. - Алматы : Эверо, 2012. - 396 с.
12.	Пән саясаты
1 Санитарлық кітапша болған жағдайда Тәжірибелік сабақтарға жіберу; 2. Медициналық форманы қатаң сақтау (халаттар, маскалар, қалпақ, алынбалы аяқ киім); 3. Ауруханада жеке бас гигиенасы мен қауіпсіздік ережелерін міндетті түрде сақтау; 4. Ұжымда бағыну ережелерін сақтау және науқастармен және олардың туыстарымен жұмыс жасауда коммуникативті дағдыларды қалыптастыру; 5. Бөлімдегі кезекшілік – аптасына 1 рет;	

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Терапия және кардиология» кафедрасы Силлабус		33 беттің 19 беті

6. Ішкі тәртіп ережелерін сақтау: науқастарды, аурухана қызметкерлерін және бөлімше қызметкерлерін өзара сыйлау;

13.	Академияның моральдық -этикалық құндылықтарына негізделген академиялық саясат
1.	Анықтамалық нұсқаулық https://ukma.kz/files

14.	Анықтамалық нұсқаулық	Бекіту және қайта қарау	
Кітапхана-ақпараттық орталығымен келісілген күн	Хаттама № 25.06.2015	КАО басшысы Дарбишева Р.У.	Қолы
Кафедрада бекітілген күні	Хаттама № 27.06.2015	Кафедра меңгерушісі Аманова Г.Е.	Қолы
«Терапия» бағыты бойынша АҚ мақұлдаған күні	Хаттама № 27.06.2015	ББ АҚ төраға Бауыртас М.З.	Қолы
Қайта қарау күні	Хаттама №	Кафедра меңгерушісінің	Қолы
ББ АҚ қайта қарау күні	Хаттама №	ББ АҚ төрағасының ТАЖ	Қолы